Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылы 27 ақпан №4712-22-00-2/ 3095іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Борашева,
сот отырысының хатшысы Г.Матжанованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының «Облыстың санаторлық мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«TM Energy plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ЖАУАПКЕР ЖАҚТАН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
Маңғыстау облысының кәсіпкерлер палатасы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілдері Г.С.Сапарова, Г.Д.Караджигитова
жауапкер өкілі Е.Т.Сыдыков
үшінші тұлға өкілі Г.Б.Пернебай

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2022 жылы 12 қазанда тараптар арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №79 келісім шарты (бұдан әрі-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер 20 күн ішінде, жалпы сомасы 1 700 000 теңгені құрайтын «шатырды, төбе жабындыларын

жөндеу/орнату бойынша жұмыстар және соған байланысты жұмыстар» (бұдан әрі-Жұмыс) орындауы тиіс.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын, жауапкермен жұмыстың орындалмағанын айтып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы өкілдері сот отырысында талап қоюын толықтай қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысында талап қоюмен келіспей, талап қою арызына қарсы пікір келтіріп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Үшінші тұлға өкілі талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12 бабының 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес, шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шарт аумақтық қазынашылық органында 2022 жылдың 2 қарашасынла тіркеліп, күшіне енді.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер жұмысты 20 күн ішінде, яғни 2022 жылдың 22 қарашасынан кешіктірмей орындауға міндеттенген.

Алайда жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамады, жұмыстар орындалмады. Бұл мән-жай қол қойылған орындалған жұмыстар актісінің жоқтығымен дәлелденеді.

Сонымен қатар, 2022 жылдың 20 желтоқсанында шарт талап қоюшымен біржақты тәртіпте бұзылды.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 03.03.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.05.2023, судья Борашева А. А., 08.06.2023

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қою арызын сотқа жолдаған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК-нің) 15, 72 және 73-баптарына сәйкес, сот істің мән-жайын анықтау мақсатында өз бастамасымен айғақтар жинаудан босатылған. Әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар береді.

Сот, жауапкердің қарсы пікірде келтірген уәждерін негізсіз деп табады, өйткені өз уәждерін растайтын дәлелдеме құжаттар сотқа ұсынылған жоқ.

Сонымен қатар, сот, жауапкердің талап қоюшымен «E-Otinish» сайты арқылы жүргізілген хат алмасуға сілтемесін орынсыз деп табады.

Өйткені, бұл хат алмасулар шарт бұзылғаннан кейін жүргізілген.

Істің бұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Сонымен қатар АПК-нің 117 бабының 1-тармағына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-ніің223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының «Облыстың санаторлық мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «TM Energy plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы– қанағаттандырылсын.

«TM Energy plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«TM Energy plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 03.03.2023
Заңды күшіне енген күні: 30.05.2023, судья Борашева А. А., 08.06.2023
4712-22-3-1/3095

ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 03.03.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.05.2023, судья Борашева А. А., 08.06.2023

4712-22-3-1/3095